



Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 1997 жылғы 8 қазан N 161 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 11 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 458. Күші жойылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 2001 жылғы 15 мамырдағы N 828 қаулысымен. ~V011569

Мемлекеттік бағалы қағаздардың шығарылымын реттейтін жаңа нормативті актілердің шығуына байланысты Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ереже қабылданған өзгерістер мен толықтырулар ескеріліп бекітілсін.

2. Аталған Ереже сараптау және тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберілсін.

3. Бұрынғы қолданылып жүрген, БҚҰК 1995 жылғы 7 қарашадағы N 23 қаулысымен бекітілген "Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы" V950200_ ереженің күші жойылған деп саналсын.

4. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау Корпоративтік қаржы басқармасына жүктелсін.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Қазақстан Республикасының

Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссияның
1997 жылғы 8 қазандағы
N 161 қаулысымен бекітілді

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағалы қағаздарға
ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже қолданылып жүрген заңдардың негізінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы мемлекет эмиссияланатын мемлекеттік бағалы қағаздарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының бағалы қағаздарына Бағалы қағаздардың ұлттық сандық бірдейлендіру жүйесіндегі (ҰСБЖ) Ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін (ҰБН) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі - БҚҰК) беруінің тәртібін белгілейді. <*>

Ескерту. 1.1.-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1999.07.01. N 359 V990851_ қаулысымен.

1.2. Бағалы қағаздардың ҰСБЖ Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа қосылған бағалы қағаздарды есепке алу жүйесін реттеуге және стандарттауға, сондай-ақ бағалы қағаздардың кодтарын бір ізге салуға арналған.

1.3. ҰСБЖ ISIN 6166.2 Бағалы қағаздардың халықаралық бірдейлендіру жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес келеді.

1.4. ҰСБЖ бағалы қағаздарды бірдейлендірудің Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын біртұтас жүйесі болып табылады.

1.5. Бағалы қағаздардың жекеленген түріне берілетін, бірегей әріпті-санды кодтар болып табылатын Ұлттық бірдейлендіру нөмірлері ҰСБЖ негізі болып табылады.

1.6. Ұлттық бірдейлендіру нөмірлері берілген мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиялары туралы мәліметтер тіркелуге және БҚҰК мәліметтер базасына енгізілуге жатады.

2. Мемлекеттік бағалы қағаздарға берілген ұлттық бірдейлендіру
нөмірлерін тіркеудің тәртібі

2.1. Ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін алу үшін мемлекеттік бағалы

қағаздарды эмиссиялаған органдар ҰБН беру туралы жазбаша сұрау жібереді.

2.2. Мемлекеттік бағалы қағаздарға берілген ҰБН тіркеуді БҚҰК атқарушы аппараты мынадай нысандарда жүзеге асырады:

а) қағаздық негізде (тігілген және БҚҰК атқарушы аппаратының штапмымен бекітілген, беттердің санын көрсетіп бағалы қағаздарды тіркеу журналы нысанында);

б) мәліметтер базасында компьютерлік жазба нысанында.

2.3. Мемлекеттік бағалы қағаздарға берілген ҰБН тіркеу журналдары қатаң есеп беру құжаттары болып табылады.

2.4. Тіркеу журналына эмитент туралы мынадай мәліметтер енгізіледі:

- эмитентті көрсете отырып бағалы қағаздардың түрі;
- бағалы қағаздардың айналыс мерзімі;
- эмиссия туралы шешім қабылданған құжаттың нөмірі және күні, эмиссияның нөмірі;
- эмиссиясының көлемі;
- бағалы қағаздардың саны;
- бағалы қағаздарды өтеудің түпкілікті күні;
- проценттік ставканың мөлшері;
- бағалы қағаздар шығарылымының нысаны;
- ҰБН беруге сұранымды алған күн;
- осы шығарылымның бағалы қағаздарының ҰБН;
- осы шығарылымның бағалы қағаздарының Ұлттық бірдейлендіру нөмірлері (бұдан әрі - ҰБН).

2.5. Мәліметтер базасына рұқсат шектелген, жазбаға өзгерістер енгізу тек қана БҚҰК ҰБН беруге жауапты қызметкеріне рұқсат берілген. Мемлекеттік бағалы қағаздардың ҰБН мәліметтер базасында журналдың жазбаларына ұқсас мәліметтер болады.

2.6. Мемлекеттік бағалы қағаздарға ҰБН берілгеннен кейін БҚҰК, ҚР Қаржы министрлігінің сұрау хаты ұсынылған сәттен бастап 7 күннен кешіктірмей және ҚР Ұлттық Банкінің сұрау хаты ұсынылған сәттен бастап 3 күннен кешіктірмей эмитентке осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес жауап хат жібереді.

3. Ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін есептеудің әдістемесі

3.1. ҰСБЖ ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін құрастыру үшін 2-қосымшаның 1-таблицасына сәйкес араб сандары және латын алфавитінің әріптері пайдаланылады.

3.2. Бағалы қағаздардың жекелеген түріне берілетін ҰСБЖ ұлттық бірдейлендіру нөмірі үш бөліктен тұрады: елдің коды, негізгі нөмір және

бақылау саны.

3.3. Елдің атының екі әріпті коды болып табылатын қосымша. Қазақстан Республикасы үшін KZ коды пайдаланылады.

3.4. Негізгі нөмір санды және әріпті рәміздерден тұратын тоғыз позициядан тұрады. Негізгі нөмірдің позициясын санау ҰБН үшінші позициясынан бастап, солдан оңға қарай жүргізіледі.

3.4.1. Негізгі нөмірдің бірінші позициясы бағалы қағаздың үлгісін айқындайды:

3 - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің индекстелген мемлекеттік қазынашылық міндеттемелері (МЕИКАМ) (осы бөлік БҚҰК Директоратының 1999 жылғы 18 наурыздағы N 260 V990723_ қаулысымен енгізілген); <*>

4 - 1 жылға дейін айналыс мерзімі бар мемлекеттік бағалы қағаздар (МЕККАМ, НСО);

5 - 1 жылдан 5 жылға дейін айналыс мерзімі бар мемлекеттік бағалы қағаздар (МЕОККАМ);

6 - 5 жылдан 25 жылға дейін айналыс мерзімі бар мемлекеттік бағалы қағаздар;

7 - Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының бағалы қағаздары; <*>

8 - Ұлттық Банктің 1 айға дейін айналыс мерзімі бар қысқа мерзімді ноталары ;

9 - Ұлттық Банктің 1 айдан 3 айға дейін айналыс мерзімі бар қысқа мерзімді ноталары.

Өзге де мемлекеттік бағалы қағаздар үшін осы Ереженің 2-қосымшасының 1-таблицасына" сәйкес А-дан бастап Z-ке дейінгі рәміздер пайдаланылуы мүмкін. <*>

Ескерту. 3.4.1.-тармақ толықтырылды - ҚР БҚҰК 1999.03.18. N 260 V990723_ қаулысымен.

Ескерту. 3.4.1.-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР БҚҰК 1999.07.01. N 359 V990851_ қаулысымен.

3.4.2. Негізгі нөмірдің екінші позициясы - бағалы қағаздардың түріне қарай, бағалы қағаздардың айналыс мерзімін белгілеу үшін пайдаланылады және Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының бағалы қағаздарының түрлерін белгілеу үшін: <*>

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің индекстелген мемлекеттік қазынашылық міндеттемелері (МЕИКАМ) үшін - жартыжылдықтармен тоқсандармен (осы бөлік БҚҰК Директоратының 1999 жылғы 18 наурыздағы N 260 V990723_ қаулысымен енгізілген); <*>

- 2 және 3 жыл айналыс мерзімі бар мемлекеттік орташа мерзімді

казыналық міндеттемелер үшін -жылдармен;

- 1 жылға дейін айналыс мерзімі бар мемлекеттік қысқа мерзімді казыналық міндеттемелер үшін -айлармен;

- 1 жылға дейін айналыс мерзімі бар ұлттық жинақ облигациялары үшін -айлармен;

- 1 айдан 3 айға дейін айналыс мерзімі бар Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталары үшін -апталармен;

- 1 айға дейін айналыс мерзімі бар Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталары үшін -күндермен;

- Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының купондық облигациялары үшін - 0;

<*>

- Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының дисконттық облигациялары үшін - 1.

<*>

Ескерту. 3.4.2.-тармақ толықтырылды - ҚР БҚҰК 1999.03.18. N 260

V990723_

қаулысымен.

Ескерту. 3.4.2.-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР БҚҰК 1999.07.01. N 359

V990851_

қаулысымен.

3.4.3. Негізгі нөмірдің үшінші позициялары 2-қосымшаның 2-таблицасына сәйкес эмитенттің орналасқан жерін білдіреді.

3.4.4. Негізгі нөмірдің төртінші және бесінші позициялары өтеу айының күнін белгілеу үшін пайдаланылады (01-ден 31-ге дейін);

3.4.5. Негізгі нөмірдің алтыншы және жетінші позициялары өтеу айын белгілеу үшін пайдаланылады (01-ден 12-ге дейін);

3.4.6. Негізгі нөмірдің сегізінші және тоғызыншы позициялары өтеу жылын белгілеу үшін пайдаланылады (00-ден 99-ға дейін, бұл ретте 2000 жыл -АО, 2001 жыл А1 және т.б.)

3.5. ҰСБЖ ҰБН оң жақ шеткі саны ISO/DIS 6166.2 Халықаралық стандартына сәйкес есептелінетін бақылау саны болып табылады.

4. Бақылау санын есептеудің тәртібі және мысалдары

4.1. Бақылау саны ҰСБЖ ҰБН алдыңғы он позициясын толтырылғаннан кейін есептелінеді.

4.2. ҰБН бақылау санын есептеудің тәртібі:

- 1-кезең. ҰБН әріпті рәміздер 1-таблицаға сәйкес тиісті сандармен ауыстырылады;

- 2-кезең. Алынған қатардың әрбір саны коэффициентке көбейтіледі.

Қатардың оң жағынан бастап тақ орында тұрған әрбір сан үшін коэффициент 2-ге тең, жұп орындарда тұрған үшін коэффициент 1-ге тең;

- 3-кезең. 2-кезеңде алынған сандық қатардың барлық сандары жиынтықталады;

- 4-кезең. Егер 3-кезеңде алынған сома 0-ге тең болса, онда ҰБН бақылау саны 0 болып табылады. Басқа жағдайда бақылау саны, шегерілген сомадан көп болатын саннан алынған шегерудің нәтижесі болып табылады және 10 дәрежелі барлық сандардың ең төменгісі болып табылады.

4.3 Бақылау санын есептеудің мысалдары

4.3.1. 1-МЫСАЛ.

Құралған ҰБН KZ1P1234121 бақылау санынсыз:

1-кезең.

```
-----  
| K | Z | 9 | 8 | K | 3 | 0 | 1 | 0 | 9 | 7 | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
|2|0|3|5|9|8|2|0|3|0|1|0|9|7|
```

2-кезең.

```
-----  
| 2 | 0 | 3 | 5 | 9 | 8 | 2 | 0 | 3 | 0 | 1 | 0 | 9 | 7 |  
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|  
| 1 | 2 | 1 | 2 | 1 | 2 | 1 | 2 | 1 | 2 | 1 | 2 | 1 | 2 |
```

|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | 0 | 3 | 1 | 0 | 9 | 1 | 6 | 2 | 0 | 3 | 0 | 1 | 0 | 9 | 1 | 4 |

3-кезең.

$$2+0+3+1+0+9+1+6+2+0+3+0+1+0+9+1+4= 42$$

4-кезең.

Бақылау саны мынаған тең: $50-42=8$.

Алынған толық ҰБН: KZ98K3010978.

1-ҚОСЫМША

Эмитенттің атауы

Мемлекеттік бағалы қағаздарға
Ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін
беру туралы

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (шығарылған жылы) айналысқа шығарылған (шығарылымның нөмірі) шығарылым (шығарылымның көлемі) сомаға, (бағалы қағаздардың саны) мөлшердегі (бағалы қағаздардың атауы) мынадай ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін береді -

_____ .
Бағалы қағаздардың эмиссиясы құжатсыздандырылған нысанда жүзеге асырылады.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

2-ҚОСЫМША

1-таблица

ҰБН ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН РӘМІЗДЕР

0=0	6=6	C=12	I=18	O=24	U=30	
-----	-----	-----	-----	-----	-----	
1=1	7=7	D=13	J=19	P=25	V=31	
-----	-----	-----	-----	-----	-----	
2=2	8=8	E=14	K=20	Q=26	W=32	
-----	-----	-----	-----	-----	-----	
3=3	9=9	F=15	L=21	R=27	X=33	
-----	-----	-----	-----	-----	-----	
4=4	A=10	G=16	M=22	S=28	Y=34	
-----	-----	-----	-----	-----	-----	
5=5	B=11	H=17	N=23	T=29	Z=35	

2-таблица

ОБЛЫСТАРДЫҢ КОДТАРЫ

Ақмола облысы	1	Қостанай облысы	9
-----	-----	-----	-----
Ақтөбе облысы	2	Қызылорда облысы	A
-----	-----	-----	-----
Алматы облысы	3	Маңғыстау облысы	B
-----	-----	-----	-----
Атырау облысы	4	Павлодар облысы	C
-----	-----	-----	-----
Шығыс Қазақстан облысы	5	Солтүстік Қазақстан облысы	D
-----	-----	-----	-----
Жамбыл облысы	6	Оңтүстік Қазақстан облысы	E

Батыс Қазақстан облысы	7	Алматы қаласы	К
Қарағанды облысы	8	Ақмола қаласы	Л

KZ98K3010978 ҰЛТТЫҚ БІРДЕЙЛЕНДІРУ НӨМІРІН ЖАЗУДЫҢ МЫСАЛЫ

Бағалы қағаздың ҰБН осы жазбасынан мыналар көрінеді:

- эмиссия Қазақстан Республикасында тіркелген;
- эмитенттің шығарған, Ұлттық Банктің 56 айналыс күн мерзімді қысқа мерзімді ноталары түріндегі бағалы қағаздар;
- бағалы қағаздардың өтелу күні 1997 жылғы 30 қараша;
- эмитент Алматы қаласында орналасқан.